



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

В заключение можно отметить, что у истоков казахской демократии стояли высокообразованные и юридически просвещенные патриоты. Они хорошо знали передовые политико-правовые и философские учения Запада, которые являются базовыми для становления и развития конституционализма: теории естественного права, разделения властей, президентской и парламентской систем правления, демократических прав и свобод личности. Правительство Алаш-Орды создало все предпосылки образования нового государства для последующего обретения Казахстаном своей независимости.

Литература:

1. Программа партии Алаш
2. Алаш-Орда. Сб. док-тов / Состав. Н. Мартыненко. - А., С.88.
3. Башикова А.Б. У истоков казахской демократии: конституционализм в политико-правовом учении лидеров партии «Алаш» // Сб. мат-лов научно-практич. конференции «К 10-летию независимости Республики Казахстан». Алматы, С.136.
4. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В 5 т Алматы, Т.4. С.123.

ӘОЖ 340

СОТ БИЛІГІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ.

Женисов Саяш Кайратұлы

zh.sayash@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасы оқытушысы, Астана, Қазақстан

1995 жылдың 30 тамызында Республикалық Референдумда қабылданған Ата Заңымыздың 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырып, өзінің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялады.

Конституциямыздың 3-бабының 4-тармағына сәйкес, Республикадағы мемлекеттік билік біртұтас және ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс деп белгіленді [1].

Сот билігінің заң шығару және атқару билігімен бір деңгейде тұру демократиялық мемлекеттің белгісі. Сот билігін басқа мемлекеттік биліктік құрылымдардан бөлу, мемлекеттің құқықтық жоғарлығы принципін, соның ішінде бостандық пен әділдік идеясын жүзеге асыруға нақты түрде жылжуын көрсетеді.

Сот билігінің негізгі мақсаты – қоғамның мүшелерін кез келген бассыздықтан қорғау, яғни басқа азаматтардың бассыздығынан, мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды тұлғалардың теріс әрекеттерінен қорғау болып табылады. Мұндай қызметті жүргізбей мемлекет құқықтық деп есептелінбейді. Қоғамда пайда болатын даулардың құқық негізінде шешілуін қамтамасыз ете отырып, қоғамдық өмірдің барлық субъектілерінің заңға бағынуы, сот билігінің заң шығару мен атқару биліктерінен оқшаулануында және олардың қызметіне құқықтық қадағалауды жүзеге асыруында маңызды роль атқарады. Егер де сот билігі Конституцияға сәйкес заң шығару мен атқару билігінің қызметтерін бағалау мүмкіндігі болса, бұл функция нәтиже береді.

Қазақстанның мемлекеттік құрылысының жаңаша қалыптасуы, дамуы кезеңінде келістілік жағдайында қызмет етудің басты құралы – мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді қызмет атқару жүйесін жаңаша оқып-үйрену, зерттеу қажеттігі туындайды. Сондықтан, заң ғылымының кезек күттірмес мәселелерінің бір бөлігі – сот құрылымы, сотта іс жүргізу тәртібі, мемлекеттегі сот төрелігі жүзеге асыру ашықтығы мен әділдігін, заңдылығын

дамыту принциптерінің ғылыми-құқықтық, теориялық-тәжірибелік өзекті мәселелері және олардың мән-мағынасын зерттеу болып табылады.

“Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы” ҚР конституциялық Заңының 1-бабының 2-тармағына сәйкес сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді [2].

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясының ережелеріне сүйене отырып, Қ.Ә.Мәми сот билігінің мынадай негізгі белгілерін бөліп көрсетеді:

– *Бірінші белгі* – бұл билік конституциялық бекітілген біртұтас мемлекеттік биліктің тармағы болып табылады. Осыған байланысты оны мемлекеттік қызметтің түрі деп толық айқындауға болмайды, не көптеген мемлекеттік органдар билік тармағының табиғатына келе бермейтін қызметтерді орындайды.

– *Екінші белгі* – сот билігінің тек арнайы мемлекеттік органдарға – Конституцияда белгіленген тәртіппен құрылған соттарға тиесілі.

– *Үшінші белгі* – оны өз кезегінде Конституцияда көзделген тәртіппен құрылатын арнайы мемлекеттік органдарда құруда; сот алдында жеке міндеттері мен мақсаттарын қоюда және оларды жеке құзыреттерімен бөлуде, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен жеке қаржыландыруда көрінетін ұйымдастырушылық, функционалдық және қаржылық дербестікке ұсынатын сот билігінің тәуелсіздігі.

Осы биліктің тәуелсіздігі оның басқа мемлекеттік органдарға: Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бағынбайтындығын білдіреді. Сонымен бірге абсолюттік, толық тәуелсіз соттар да болмайды, өйткені олар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да заң актілерінің талаптарына бағынуға тиіс. Соттардың заңсыз шешімдерін тек сот күшін жоя алады, ал басқа құрылымдар ондай құқықты иеленбейді.

– *Төртінші белгі* – бұл мемлекеттің атынан сот билігін жүзеге асыруы: Қазақстан Республикасының атынан үкімдер мен соттардың өзге де шешімдерін жария ету.

– *Бесінші белгі* – сот төрелігінің, яғни құқықтық даулар меністерді қарауға байланысты жүзеге асыру.

– *Алтыншы белгі* – осы билікті Конституция, заңдар, өзге де нормативтік құқықтық актілер, республика халықаралық шарттарының негізінде туындаған дауларға ғана қолдану. Сот мораль, діни, қызметтік әдеп нормаларын бұзуға байланысты жанжалдарда қарамайды және шешпейді.

– *Жетінші белгі* – осы билікте оның қызметіне тән іс жүргізу (талап арыз ісін жүргізу, процеске айыптауға және қорғауға қатысу).

– *Сегізінші белгі* – осы биліктің құқық қорғау сипаты, қызметінде осыған байланысты екі қыры бөлініп шығады: құқық пен заңның үстемдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау.

– *Тоғызыншы белгі* – оның шешімдерін мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз ету.

Жазылғандарды ескере отырып, сот билігін Қ.Ә.Мәми азаматтардың, мемлекет пен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау мақсатында құқықтық даулар мен істерді шешу және оларға жүктелген басқа да міндеттерді орындау бойынша заңмен берілген өкілеттікпен Конституцияда көзделген тәртіппен құрылатын, ерекше іс жүргізу нысандарында жұмыс істейтін және мемлекеттің барлық аумағындағы міндетті сипаттағы шешімдерді шығару құқығы бар, оны мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз ететін арнайы мемлекеттік орган ретінде мемлекеттің атынан іске асыратын, Конституцияда белгіленген біртұтас мемлекеттік биліктің тәуелсіз тармағы ретінде айқындайды [3].

Сот билігі біртұтас мемлекеттік биліктің дербес тармағы және ол Республика атынан жүзеге асырылады. Ол нақты сипатқа ие, арнайы процессуалдық түрде құрылады, судьялармен сот билігін жүзеге асырушы арнайы заңда белгіленген органдар арқылы ғана

жүзеге асырылады. Сот билігі өзіне азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды мақсат етіп алады. Сот билігі Республика Конституциясының, Заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларды шешуде қолданылады. Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының бүкіл Қазақстан аумағында міндетті күші болады.

Конституция мен жоғарыда аталған Конституциялық заңда Қазақстандағы сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты және жергілікті соттар құрайды. Қазіргі кезде елімізде мамандандырылған соттарды құру мәселесі қарқынын дамып тәжірибеде өз жемісін беруде. Олардың қатарына әскери соттарды және ауданаралық мамандандырылған экономикалық соттарды, кәмелетке толмағандардың істерін қарайтын соттар, жатқызуға болады. Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес 25 жасқа толған ақыл есі дұрыс, жоғары заң білімі бар, тиісті салада кемінде екі жыл еңбек өтілімі бар және біліктілік алқасында мемлекеттік емтиханды ойдағыдай тапсырған Қазақстан Республикасының азаматы судья бола алады делінген. Дегенмен соттарда істі қарау тәжірибесіне сүйене отырып заңнамадағы жас мөлшерін ұлғайту қажет деп ойлаймыз. Жас шама отыздан асқан азамат тек еңбек өтілімі ғана емес сонымен қатар өмірлік тәжірибесіде жан-жақты ұлғайып әділ шешім шығаруда адамгершілік, адалдық қағидаларға сүйенген кезде өмірлік тәжірибені де өз шешімінде пайдалана білуіне септігі тимек. Бүгінгі таңда Судьяларды даярлайтын жеке дара жоғары оқу орны болғаны дұрыс деп санаймын. Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабына сәйкес қазіргі уақытта еліміз бойынша барлық деңгейдегі судьяларды сайлау немесе тағайындау Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесімен жүзеге асырылады [1]. Сот жүйесінің ерекшеліктерін, білім беруге қажетті тиімділікті, сот құжаттарын дайындау, сот сараптамасы, дәлелдемелерді жинау, бағалау сатыларының маңыздылығын тереңірек білу үшін болашақ судьялардың оқу бағдарламасына сай осындай қажеттіліктерді ескеру қажет. Заңгерлік білім беру сласындағы мемлекеттік стандарттарға тиісінше толықтырулар енгізген абзал. Сонда ғана сот жүйесінің мамандары жалпы жоғары білімнен кәсіби деңгейдегі жоғары білікті маманға айналмақ.

Біз «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасын білеміз. [4]. Аталған бағдарламаларға сәйкес бес президенттік реформалар осылар:

- Кәсіби мемлекеттік аппаратты құру;
- Заңның үстемдігін қамтамасыз ету;
- Индустриалдандыру және экономикалық өсім;
- Біртектілік пен бірлік;
- Есеп беретін мемлекетті құру

Заңның үстемдігін қамтамасыз ету және осы сот жүйесіне байланысты төмендегі қадамдарды көрсетуге болады:

16-қадам. Азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін сот жүйесі инстанцияларын оңтайландыру. Бес сатылы сот жүйесінен (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жасау) үш сатылы (бірінші, апелляциялық, кассациялық) сот төрелігі жүйесіне көшу.

17-қадам. Судья лауазымына кандидаттарды іріктеу тетіктерін көбейту және біліктілік талаптарын қатайту. Міндетті түрдегі талап – сот істерін жүргізуге қатысудың 5 жылдық өтілі. Кәсіби дағдысы мен іскерлігін тексеру үшін ахуалдық тестілер жүйесін енгізу. Судьялыққа үміткерлер соттарда стипендия төленетін бір жылдық тағылымдамадан өтеді. Бір жылдық тағылымдамадан кейін судья бір жылдық сынақ мерзімінен өтеді.

18-қадам. Оқуды және сот тәжірибесі арасындағы өзара байланысты күшейту үшін сот төрелігі институты мемлекеттік басқару академиясының құрылымынан бөлінуі керек. Аталмыш институт жоғарғы соттың жанында жұмыс істеп, қызмет бабындағы судьялардың біліктілігін тұрақты түрде арттыруды қамтамасыз ететін болады.

19-қадам. Судьялардың есеп беру тәртібін күшейту. Судьялардың жаңа этикалық кодексін жасау, соның негізінде азаматтар судьялардың әрекеттері бойынша еліміздің жоғарғы сотының жанынан құрылған арнайы сот алқасына шағымдана алатын болуы керек.

20-қадам. Барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу. Судьяның бейне жазуды тоқтатуға немесе аудио жазу материалдарын редакциялауға мүмкіндігі болмауы тиіс.

21-қадам. Алқа билер соты қолданылатын салаларды кеңейту. Заңды түрде алқа билер соты міндетті түрде қатыстырылатын қылмыстық істердің категорияларын анықтау қажет.

22-қадам. Адамның және азаматтардың конституциялық құқын шектейтін барлық тергеу қызметі жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына біртіндеп беруді қамтамасыз ету арқылы сотта айыпталушы және қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету.

23-қадам. Инвестициялық даулар бойынша жеке сот істерін жүргізуді құру. Жоғарғы сотта ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін инвестициялық алқаны ұйымдастыру.

24-қадам. Дубай тәжірибесі бойынша астана қаласында аіс халықаралық арбитраждық орталығын құру.

25-қадам. Шетелдік және халықаралық соттардың үздік стандарттары бойынша сот істерін жүргізуді қамтамасыз ету үшін жоғарғы сот жанынан беделді шетелдік судьялар мен заңгерлер қатысатын халықаралық кеңес құру. Кеңес қазақстандық сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша жоғарғы сотқа кеңес беріп отырады.

26-қадам. Сот ресімдерін оңайлату және сот процестерін жеделдету үшін азаматтық-құқықтық даулар жөніндегі соттарға прокурордың қатысуын қысқарту. Азаматтық іс жүргізу кодексіне тиісті өзгертулер енгізу.

Сонымен қатар сот жүйесіне байланысты Елбасының "Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты 2017 жылғы 31 қаңтардағы жолдауында да көрсетілген. Жолдауда айтылған бірінші басымдылық экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы болса, екіншісі - бизнес ортаны түбегейлі жақсарту мен кеңейту, үшінші басымдылық - макроэкономикалық тұрақтылық, төртіншісі - адам капиталының сапасын жақсарту, бесіншісі - институционалдық өзгерістер, қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықпен күрес. Басым бағыттарды жүзеге асыруда мемлекеттік органдардың, соның ішінде еліміздің сот жүйесі мен судьялар қауымдастығының алдында тұрған міндеттер де ауқымды. Елбасының Жолдаудағы «Сот жүйесіне сенімнің артуына қол жеткізу қажет», деген бір сөзінің астарында сот жүйесіне артылып отырған барша міндеттер мен тапсырмаларды орындаудың салмағы мен жауапкершілігі жатыр. Жоғарғы сот төрағасы Қайрат Мәми саланың Жолдауды талқылауға арналған жұмыс бабындағы кеңесінде: «Сот жүйесі құқық үстемдігі мен баршаның заң алдындағы теңдігін қамтамасыз ете отырып, Жолдауды табысты іске асырудың маңызды буыны болып табылады», - деп атап көрсетті. Соттар сот жүйесіне тән бағыттар бойынша ғана емес, өз құзыреті шеңберінде Жолдауда белгіленген еліміз үшін маңызды өзге де барлық басым бағыттарды іске асыруға белсене атсалысуы қажеттігі айрықша аталып өтілді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. 1995 жылы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 132 Конституциялық заңы
3. Мами К.А. Становление и развитие судебной власти в РК. – Астана: Елорда, 2001.
4. 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы.
5. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар.